

**"Террористік тұрғыдан осал су шаруашылығы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 15 ақпандығы № 45 бүйрігіна өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 141-НҚ бүйрігі. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2024 жылғы 6 қыркүйекте № 35043 болып тіркелді

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Террористік тұрғыдан осал су шаруашылығы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 15 ақпандығы № 45 бүйрігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31923 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бүйрікпен бекітілген Террористік тұрғыдан осал су шаруашылығы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығында:

4-тармақтын 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуына қойылатын сараланған талаптарды белгілеу мақсатында терроризм актісі жасалуының ықтимал салдарларына қарай және оның инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету үшін маңыздылығы негізінде су шаруашылығы объектілерін топтарға бөлу жүргізіледі:

1-топ – қирауы жаһандық немесе өнірлік ауқымдағы төтенше жағдайларға әкеп соғуы мүмкін объектілер;

2-топ – қирауы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін объектілер.

Төтенше жағдай "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің міндеттін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бүйрігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) сәйкес жергілікті, жаһандық немесе өнірлік ауқымдағы төтенше жағдай ретінде жіктеледі.

Объектілердің топқа тиесілігі жұмыс істеп тұрған (пайдаланылатын) объектілерге қатысты, объектілерді пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ бұрын жатқызылған топтың өзгеруіне әсер етуі мүмкін объектілердің сипаттамалары өзгерген жағдайда қаралады.

Объектіде терроризм актісін жасаудың ықтимал салдарлары қайтыс болуы немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін адамдардың саны және ықтимал материалдық нұқсан туралы болжамды көрсеткіштер негізінде айқындалады.".

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс басқармасына заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және ирригация министри*

*H. Нуржигитов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК